

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ 1870 ЖЫЛҒЫ МАҢҒЫСТАУЛЫҚТАР КӨТЕРІЛІСІ

ТІЛЕПОВ Ж.Ж.

*Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, филология
ғылымының докторы, профессор*

1870 жылғы Досан Тәжиев, Иса Тіленбаевтар басқарған Маңғыстау қазақтарының патшалық режимге, оның шегі мен шеті жоқ қанқұйлы озбырлығына қарсы күресі – тек қазақ елінің ғана емес, ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы бүкіл Орта Азия халықтарының Ресей империясының басқыншылық, отарлаушылығына қарсы күрестердің ішіндегі теңдесі жоқ, жанқиярлық күрес болып есептеледі. Кезінде, Совет одағының құрамындағы халықтардың патшалық отарлаушыларға қарсы күресі өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарынан бастап табанды түрде зерттеліне бастағаны белгілі. Бұл тұрғыда елге белгілі, маңғыстаулықтардың 1870 жылғы көтерілісін сол кездің өзінде-ақ П.Г.Галузо сынды атақты ғалымның Орта Азия мен Қазақстанды мекендегендердің өзге бас көтерулерімен салыстыра отырып, Иса-Досан басшылығымен белгілі болған көтерілісті «шын мәніндегі халықтың азаттық жолындағы күресі» (Галузо П.Г. Революция в Средней Азии. Сб.2. Ташкент, 1929, с.94-97) деп бағалауының өзі тегіннен-тегін емес.

Маңғыстау елі-суы бар, құрлығы бар бес елмен, яки бес мемлекетпен шектесетін аймақ. Географиялық табиғи орналасуы жағынан осыншалық көп мемлекетпен шекаралас жұрт әлем елдерінің ішінде де некен-саяқ. Ал осыншалық әралуан мемлекеттермен көрші тұрған желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі елдің тіршілігі – біз сөз етіп отырған дәуірдегі ата-бабаларымызға оңай болмағаны өзінен-өзі түсінікті. Сондықтан да бір орталыққа бағынып, «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып» отырған хандық басқару жүйесінен айрылған, әлеуеттілігі кем қазақ елінің бір пұшпағы болып саналатын бұл аймақ өзінің отарлаушылық озбыр саясатын сәтті жүргізіп келе жатқан Ресей империясы үшін Каспиден Орта Азия елдеріне барар жолдағы негізгі плацдарм болатын.

Хиуа хандығы болса жат қолымен тұрғызылған осынау плацдармды аймақтың, яки Маңғыстау жұртымен өздерінің діндестігін алға тартып, күндердің күнінде өзін бағынышты етпей қоймайтын Ресей патшалығына қарсы бөгесін етуге күштерін аямай жұмсап бақты. Ел мүддесін қорғаған Сүйінғара батыр секілді ерлері патшалы алпауыт жұртпен татулық, бодандық жағдайды қолдаған тұста туыс деп жүрген Хиуалық ағайын діндестік,

бауырластық әңгімесі жайына қалып Маңғыстау елінің басына шамасы жеткенінше жасын ойнатып бақты.

Ал, Маңғыстау елінің 1860-1870 жылдардағы хәлі бір кездегі Атақозы, Шотан, Исатай, Махамбет, Құлбарақтар кезіндегіден әлдеқайда бәсік еді. Жалпы, бұл уақыттағы тек Маңғыстау қазақтарының ғана емес, Арқа, Жетісу бойы, бүкіл шығыс пен батыс, терістіктегі қандастарымыздың күйі, бодандықтың ғана емес, отарлықтың қамытын мойнына біржолата ілген жағдайда еді. Өйткені, елдің оңтүстік шығысындағы ұлы жүз жұртының өздеріне талай жылдар бойы қоқан-лоқы көрсетіп келген қоқандықтармен күрес жолында аты шыққан ер жүрек батыр Саурық Ыстамбекұлы қырық жасында 1854 жылы қаза тапты. Ол есімі руластарының ұранына айналған Қарасай батырдың ұрпағы болатын. Ал, қоқандықтарға қарсы Ресей әскерінің жоспарлы жорығын қолдап, өз жасағымен ерекше көмек көрсеткен Сұраншы батыр Ақынбекұлы болса, 1864 жылы қырық тоғыз жасында Сайрам қаласын қоқандықтардан азат ету тұсында опат болды. Бұл – Саурық батырдың немере інісі еді. Оны атақты ғалымымыз Ш.Уәлиханов 1863 жылы К.К.Гутковскийге жазған хатында «қазақтарды қоқандықтардың езгісінен құтқарушы» деп жоғары бағалаған болатын.

Арқа қазақтарын бір уақытта екіге бөліп билеген Бөкей хан мен Уәли хан 1819, 1821 жылдары өмірден өткеннен кейін, бір кездегі Абылай хан бабасының жолын ұстамақ боп «Алла қосса, қазақтардың басын біріктіреміз де, қайтадан сол тұстағыдай дәрежеге жетеміз» деген, 1841 жылы қыркүйекте үш жүздің ханы болып сайланған Кенесарының 1837-1847 жылдардағы қазақ халқын ұлт-азаттыққа бастаған күрес жолынан кейін орта жүз қазақтары да үлкен күреске барарлық баяғы қайрат-күшінен айырылған болатын.

Ал, 1836-1838 жылдардағы Исатай мен Махамбет көтерілісінен соңғы, елдің ерекше үміт күткен батырының бірі – елі үшін біресе хиуалықтармен, біресе Ресей озбырларымен айқасып өткен Жанқожа Нұрмұхамедов болса (1774-1860), ол 1860 жылы жау жағына қызмет етіп жүрген Елікей Қасымов қолынан қапияда мерт болған-ды. Сондай-ақ, Жоламан Тіленшинмен бірігіп 1838 жылы Ресей отарлаушыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісін басқарған, ұзақ жылдар бойы Ресеймен, Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы күресі жолында «Ердің соңы Есет» атанған Есет Көтібаров қартайып қана қоймай, патша тарапынан кешірім алып, 1859 жылы тамызда Александр II-нің қабылдауында болып, ың-шыңсыз өзінің қабақ руын басқарған хәлде еді. Осының бәрін таразыға тартып, обыр елдің құлқынын қалай еткенде де толтырудың амалын қарастырып бағатын Ресей саясаткерлері мен әскерилері 1868 жылғы уақытша ережені өмірге әкелді. Оған 1868 жылдың 21

қарашасында далалық облыстарды басқарудың уақытша ережесін 1869 жылдың 1 қаңтарынан бастап, екі жылдай тәжірибеден өткізу мәселесіне орай патша-ағзам қол қойды. Бұл арқылы қазақтарды басқару Ресейдегі басқару жүйесіне барынша жақындатылғандай еді. Ал, түптеп келгенде бұл жағдай 1865 жылы Сібір мен Жетісу әскери линиялары Ташкент маңында бір-бірімен жалғасып, Қазақстанның Ресей патшасы қарулы күштерінің қоршауында қалғандығының салдары еді. Сондықтан да қоршауда қалған қауым тығырықтан шыға алмақ емес деп есептелінді. Сөйтіп, Орал, Торғай облыстарына бөлінген Орынбор ведомствосының Кіші жүз қазақтары енді облысқа, ал облыс төрт уезден, әрбір уезд бірнеше болыстан, болыс ауылдан тұратын болды. Осыдан кейін әр үйден алынатын түтін салық 1 сом 50 тиыннан 3 сом 50 тиынға жеткізілді. Мұндай колонизаторлық қорлыққа шыдай алмай, ең алдымен, Қарабура Алаша руының старшинасы Сейіл Түркебаев, Байбақты руының батыры Беркін Өтепов басқарған ел көтеріледі. Бұларға қарсы 5300 қарулы казактармен 20 зеңбіректі бірнеше жүздіктен тұратын әскер шығарылды.

Жиырма мыңға жуық көтерілісшілердің басын біріктірген, көктемде басталып күзде жаншылған көтерілістен кейін, оған қатынасқан басшы адамдар аямай жазаланды. Мұнан кейін Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский, Орал әскери-губернаторы Н.А.Веревкин уақытша ережені Маңғыстаулықтарға тездетіп еңгізуге жедел кіріседі. Осы кезеңнің аса білімдар зерттеушісі Мариям Сүлейменқызы Тұрсынова марқұм жазғандай, сол кездегі патша үкіметінің Маңғыстаудағы позициясын нығайтуға Кавказ бен Орынбор әскери округтарының рөлі мықты болды. Сөйтіп, осы тұста Орынбор генерал-губернаторы Н.А.Крыжановский Жем, Сағыз, Ойыл өзендерінің бойындағы адайлардың жазғы жайлауларын қоныстануына салығын төлемесе, тиым салдырту үшін 1869 жылдың қарашасында Ойыл, Орал, Ембі бекіністерін казактардың төрт жүздігімен, әрқайсысы 170 адамнан тұратын екі ерекше командамен сегізінші Дон батареясы, 2 атқыштар ротасын, екі ракеталық қарулы қолмен толықтырды. Сөйтіп, тек Жем өзенінің төменгі сағасына ғана сегіз жаяу әскер ротасын, 8 атпен тартылатын зеңбіректі сегіз казак жүздігін жинады. Оның үстіне осы тұста, яки 1869 жылдың қарашасында Кавказ қарулы күштері Красноводск шығанағын жаулап алды. Осыдан кейін Маңғыстау приставствосы (дуаны) Александр форты мен бірге 1870 жылдың 2-ші ақпанында Орынбор генерал-губернаторлығынан алынып, Кавказ наместнигінің қарамағына берілді (Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. А., 1977, с.71-74).

Маңғыстау қазақтарының көтерілісінің себептері неде деген мәселе көп заманнан бері талайды толғандырып келе жатқан мәселелер. 1870 жылғы Маңғыстауда өткен осы мәселеге 1894 жылы қалам тартқан П.Юдиннің мәліметі бойынша сол жылы түбекте қырық мыңдай шаңырақ болған (Царская колонизация в Казахстане (по материалам русской периодической печати XIX века. Алматы: Рауан, 1995). Бұл сол замандағы орташа есеппен алғанда, екі жүз мыңдай жан болды деген сөз. Әрине, қазақ даласын, Сібір аймағын, қазіргі Өзбекстанның жартысынан көп жерін қарамағыма өткіздім деп, көп ұзатпай бүкіл Орта Азияны бауырыма басамын деп отырған 75 миллионнан астам халқы, тұрақты әскері мен соған сай қару-жарағы бар Ресей үшін бұл елеуге тұрмайтындай елдің жұрнағы болып саналатынды. Сондықтан П.Юдин айтқандай, XIX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін «ешқандай билікті мойындамаған» (Көтеріліс күнделігі. Құрастырған-тарих ғылымдарының кандидаты Ж.Нұрмаханова. Алматы: Сардар, 2010, 25-бет) қаншама мінезді, айбынды болса да, осынау азғана ел олардың көзінде жабайы тобыр болып есептелінді.

Сөйтіп, Досан, Алғи секілді бұл қауымның бірнеше бас көтерер азаматтарын Орал облысы қазақтарының малын барымталаған деген сылтаумен Оралдың әскери-губернаторы Н.А.Веревкин Баймембет Маяев пен Қафур Қалбиннен тұтқындауды, ал қарамағындағы елінен екі жылдың салығын бірден төлеуді талап етеді. Бұл 1870 жылдың наурызында дистанция бастығы подполковник Рукин бастаған орыс қарулы қолының опат болуына, Бәймембет бидің өліміне әкеліп соғады. Бұл хабар Крыжановский арқылы соғыс министрі Милютинге, одан патша-ағзам Александр II-ге жетеді. Олардың барлығы да көтерілісшілерді аямай жазалауды талап етіп, жер қайысқан қол шығарады. Сәуір айының 5-і мен 8-і аралығында фортты қоршап, бекіністі ала жаздағанын бекініс басшысы майор Зеленин: «жиырма жылдан астам әскери қызметімде мұндай өршелене ұмтылған, тегеурінді шабуылды көрген емеспін... егер тағы да осындай өршеленген шабуыл болса, форттың тағдыры шешілген болар еді» - дейді. Ал, сол кездегі «Военный сборникте»: қырғыздар, жалпы орта азиялықтар оқ боратып тұрған бекініске шабуыл жасайды» деп осыған дейін ешқашан ойлаған емес едік деп жазады (Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. А., 1977, с.84). Ал, көтерілісті басып, көтерілісшілерді аямай жазалауға келген граф Кутаисовті көтерілісшілердің жауынгерлік рухының асқақтығы, әбден қанжоса болып жараланған, шабылған адамдарының құлап, жығылмай қайта-қайта өршелене қарсыласатыны таңғалдырған. Әсіресе, ол бұған дейін ешкімнен естімеген, ешбір әдебиеттен оқымаған бір жайды, яғни көтерілісші қазақтардың қайтыс болғандарды жорық аттарына шандып байлап,

тірілермен бірге жауға қосарландыра шаптыратындығын майдангер қарсыластарының тактикалық әскери жаңалығы ретінде ерекше мән беріп, шошына жазады. Дағыстан облысы әскерінің қолбасшысы генерал-майор, князь Меликовке: «Өлке түгелдей көтерілген да қаруланған... шығындарының көптігіне қарамастан мұқамаған. Олар соншалықты шектен шыққан айбынды» дей келіп, тағы да алты жүз атты әскер мен үш жаяу әскер батальонын сұрап, егер көмек келмесе не болатынын білмеймін» - деп, қинала хабарлаған.

Иса мен Досан басқарған маңғыстаулықтардың көтерілісінің тарихы бүгінгі таңда қазақстандықтардың қай-қайсысына да мәлім. Граф Кутайсов мойындағандай, бүкіл өлке халқы бұл көтерілістен сырт қала алған жоқ. Орынбор облыстық мемлекеттік архиві материалына сүйене отырып, М.С.Тұрсынова оған он мың шаңыраққа дейін қатынасқан деп есептейді (Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. Алтаты, 1977, с.96).

1874 жылдың маусымында жаралы болып қолға түскенге дейін Досан қолы Ресей озбырларымен айқасып жүрді. Аса қадірлі ел сыйлаған халық ақыны Сәттіғұл атамыз батырды Хиуа жорығына қатынасқан патша әскерлеріне де шабуылдаған етіп көрсетеді. Шындығында бұл негізсіз емес. Сонау бір айтатын сөз бағулы болған заманда, 1870 жылдардағы маңғыстаулықтар көтерілісін архивтен архив қоймай жүріп, мұқият зерттеген Мәриям Сүлейменқызы Хиуаға бара жатқан экспедициялық отряд Итібай құдығының маңында көшіп жүрген адайлықтарға тиісіп, сонда генерал Скоблевтің өзімен екі офицері және бірнеше казак жарақат алған (Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во второй половине XIX века. Алматы., 1977, с.114) деп жазады. Оны Сәттіғұл атамыз былайша берген: «Екінді күн бесінде, жеті жүз әскер кіреді - қақ жарып қалың қамысты. Бағып тұрып қапталдан, бір чиновнигін қадірлі Досан таңдап жанышты...Хиуаға олар барғанша, бағып жүріп ер Досан екі жерде тиюлі. Сонан әскер барулы Хиуаның шәріне, қаһарлы хакім халықтың әмірі жүрген бәріне».

Жалпы, Сәтекеңнің бұл туындысы әдебиеттану ғылымында 1948 жылдан бері қарай зерттеліп келеді. Ал, шығарманың өзі өткен ғасырлардағы Мұсабай жыраудың «Жанқожа батыр», Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай», Ығылман Шөрековтің «Исатай-Махамбет» поэмалары секілді елдігімізге елеулі қызмет еткендерді ел жадымен бірге өмір сүретіндей ғұмырлы еткен шығармалардың санатына жатады. Соңғы кезде ақын шығармашылығы туралы Ш.Есенов атындағы Ақтау университетінің ұстазы Әлия Жеткізенова кандидаттық диссертация қорғады.

1870 жылғы көтерілістің шығуына негізгі себепті іздегенде біраз адамдар 1868 жылғы «Уақытша ереженің» көп мөлшерде салынған салығының әсерінен болды дейді. Бұл да дұрыс. Тарылған қоныс, патшалық үкіметтің далалықтарға көрсеткен қорлығына деген ыза-кектің салдары деп те түсіндіріледі. Бұл да рас. Ал, негізінен 1868 жылдан бастап, сол жылы шыққан «Дала өлкесін басқарудың уақытша шаралары» туралы пәрменді құжатта қазақ жері тұтастай мемлекет меншігі деп танылған болатын (Уральская войсковая ведомость. 1868. №1). Міне, барлық қатерлі мәселенің шиқанды жері осы.

Осы заңға сүйенген Орынбор губернаторы да, одан төменгілер де, жоғарғылар да қазақтың ата қонысын атасының мұрасындай сезініп, аяуды білмейтін арсыз билігімен намысшыл қауым, аңқау елді қолына қару алуға мәжбүр етті.

Бұл көтерілістің патшалыққа қарсы бас көтерілулердің ішіндегі елді, жерді азат етуде ерекше шоқтықты болуының басты себебі осында.... Ерлер өлді, елдік мүддеге қызмет еткендер өнегесі елмен бірге салтанат құруда!

В данной статье автор особо отмечает, что поводом восстания являются «Временные положения», внедренные в 1868 году.